Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Қарақалпақ ауылдық кітапханасы
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Каракалпакская сельская библиотека

Қазақ оюының сыры
Фотоальбом

Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің
«Әулиекөл аудандық орталықтандырылған кітапханалық жүйесі» ММ
Қарақалпақ ауылдық кітапханасы
ГУ «Аулиекольская районная централизованная библиотечная система»
отдела культуры и развития языков акимата Аулиекольского района
Каракалпакская сельская библиотека

Қазақ оюының сыры
Фотоальбом

2023 жыл

УДК 308
ББК 91.9:85.12
Қ 17

Құрастырушы: Қожахметова Г. Ф.
Шығарылымға жауапты: Мукушова А. К.
Қазақ тіліндегі мәтіннің корректоры: Мукушова А. К.
Составитель: Кожахметова Г. Ф.
Ответственный за выпуск: Мукушова А. К.
Дизайн обложки: Юрченко Н. П.
Редактор: Серкебаева С. Ж.

Қарақалпақ ауылдық кітапханасы қазақ халқының ою-өрнек түрлерімен жақынырақ таныстыра отырып, фотоальбом дайындады.

Адамдар ертеден өздерін қоршаған бейнені тасқа бейнелеген, бертін келе киім-кешектеріне, қолданылатын бұйымдарымен ыдыстарға бейнелеген. Ал біздің халқымыздың тұрмысында ою-өрнектің алатын орыны ерекше. Ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Әр шебер ою-өрнекті өзінше бейнелеген, соған орай өздері атын да берген. Біз ата-бабамыздан қалған ою-өрнекті, мәдени шежіремізді сақтап, барынша ұлықтауымыз керек.

Ою-өрнек халықпен бірге жасасып, оның рухани материалдық игілігіне айналып келеді. Өнер өшпейді, сөнбейді, көнермейді.

УДК 308
ББК 91.9:85.12

«Әулиекөл орталықтандырылған
кітапханалық жүйесі» ММ

Құрастырушыдан

Қазақ тумысынан – өте өнерлі, ісмер халық. Ол өзінің тіршілік ізін байтақ даладағы сахараның сан алуан тасынан күнделікті тұрмыс бұйымдарына дейін нақыштап, әшекейлеп, таңғаларлық тамаша суреттер, белгілер, яғни ою-өрнек түрінде қалдырып отырған.

Халқымыздың тұрмыста қолданған ою-өрнектерін оның интеллектуалдық эстетикалық дүниетанымынан туған, ешкімге де ұқсамайтын көркемөнер туындысы деуге болады. Көптеген зерттеушілер ежелгі ою-өрнектердің астарында халқымыздың табиғаттан алған әсерін дәлме-дәл түсіруге ұмтылған.



Әдебиет бөлімдер бойынша жүйеленген.
Фотоальбомдағы материал қазақ тілінде ұсынылған.
Материалдың іріктелуі 2023 жылдың мамыр айында аяқталды.
Фотоальбом оқырмандардың кең ауқымына арналған.
Фотоальбом материалы http://auliekol-cbs.kz/ru/ сайтта көрсетілген.

Қазақ халқының жәдігері

Әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктері, рухани байлығы болады. Біздің де заманнан заманға рухани, эстетикалық байлығымыз ретінде ұласып келе жатқан ұлттық жәдігеріміздің бірі – ою-өрнек. Қазақ халқының мәдени асыл қазынасының бір саласы және ұлттық келбетін айқындап бейнелейтін өнер түрі болып табылады. Ою-өрнек өнері қазақ халқында ертеден-ақ өнердің барлық түріне арқау болып, материалдық және рухани игілігіне айналып келеді. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келеді. Қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қол өнерінің түрлері де, атаулары да өте көп.

Ою-өрнек деп қосарланып айтылатыны болмаса, бұл екеуі бірін-бірі толықтырып, дамытып отырады. «Ою-өрнек» дегеніміз – (латынның ornament - әсемдеу, сәндеу деген сөзінен шыққан) үйлесімділікпен бір қалыпқа түскен элементтерден тұратын нақыштар. Екеуінің де мағынасы бір.

Сонымен, ою-өрнек дегеніміз – ойға алған айқын өрнек ырғағымен үйлесетін белгілі бір заңдылықтар жүйесімен жасалған, қисық сызықты және геометриялық фигуралар бейнесін белгілі бір стильге келтіру арқылы алынған түрлі-түсті өрнекпен қандайда бір заттың әшекейленуі. Онда бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектерін де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Ою заттардың, бүйымдардың, ғимараттардың сыртқы пішініне қосымша әсер, ерекше мәнер, сән беретін әшекейлі өрнектерді айтады. Ою-өрнек халық өнерінің бір саласы. Орта Азия мен Қазақстан халықтары үшін ең негізгі безендіру құралы болып саналған. Адамдар ерте заманнан бүйымдар бетіндегі жүйелі, белгілі тәртіппен қайталанған ою-өрнектердің ерекше әсер, көтеріңкі көңіл-күй беретіндігін аңғарған.

Қазақ ұлттық ою-өрнегінің басты қолданылатын орны – сәндік қолданбалы өнерінің барлық салалары. Қай халықтың болса да рухани әлемі ең алдымен, оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні мәлім. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі күз-шыңдары, кең-байтақ даласымен жалғасып жатқандықтан болар, дүниеге көзқарасы, оны қабылдап, ұғыну қабілеті ассоциациялық ой-өрісі түрғысында еркін өсіп-даму арқылы үнемі қозғалыста, көркемдік тұтастықтағы, өнер үлгісі болып қалыптасты.

Қазақ ою-өрнегінің ежелгі нұсқалары мен атаулары

Қазақ ою-өрнегі ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Халқымыздың қай қолөнер саласын алсақ та, ою-өрнектер өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқанын байқау қиын емес. Оюлардың ертеден келе жатқан нұсқаларында элементтер құстың, гүлдің, жануарлардың түрін тұспалдап тұратыны белгілі. Ал көне түркілердің түсінігі бойынша құс – көктің, балық – судың, ағаш – жердің белгісі болған. Сондықтан ежелден келе жатқан ою-өрнектердің нұсқасынан аңды, жан-жануарлар мен құстарды жиі тұспалдап тұрғанын аңғару қиын емес.

Бұйымдарда жан-жануарлардың мүйізі, дене мүшесі, тұяғы, құстың тұмсығы, түлкінің басы, бөрінің құлағы немесе иттің құйрығы және өсімдіктердің түрлері кеңінен бейнеленген.

Көне заманнан қазіргі кезге дейін халықтың тұрмыс-дәстүрімен тығыз қайнасып, өмір сүріп келе жатқан өнердің бір түрі – ол қолданбалы өрнек өнері.

Қазірде ою-өрнектерді композициялық құрылымына қарай бір жүйеге келтіру үшін ғалымдар ою-өрнекті төрт топқа бөледі:

1. Зооморфты
2.Өсімдік пішіндес
3. Геометриялық
4. Космогониялық

Әр ою-өрнектің астарында мағына болады. Мысалы: «қошқар мүйіз» оюы молшылықты меңзейді, «ағаш» оюы ынтымақ бірлікті, «ирек» оюы адамның өмір жолы, судың белгісі, «шеңбер» оюы жарық өмір жолы дегенді білдіреді.

«Құс», «түйе табан», «итқұйрық» ою-өрнектері кебеже, жүкаяқ, әбдіре, асадал сынды бұйымдарда, ал өсімдік пішіндес оюлар «гүл», «жапырақ», «қырмызы гүл», т. б. ағаш бұйымдарда шебердің талғамына қарай топтастырып беріліп отырған. Геометриялық өрнектер кілемде, шым шиде, ағаш пен тастан өңделген бұйымдарда сондай-ақ барлық дерлік бұйымдарда композиция құру барысында пайдаланады. Космогониялық өрнектер көбіне кілемде, жүзіктерде кездеседі.



Мүйіз тектес ою-өрнектер

Мүйіз тектес ою-өрнегі халық арасында көп тараған. Тұрмыстағы ою-өрнектің барлық түрлері қошқар мүйіз оюынан бастау алады. «Қошқармүйіз» ою-өрнегі – байлық пен молшылықтың нышаны. «Қошқармүйіз» бен «Арқармүйіз» оюларының қазақ қолөнерінде қолданбайтын жері жоқ. Ою-өрнектің бұл тобын, қазақ халқының ою-өрнектерінің төркіні деуге болады. Өйткені барлық жаңа буындар осының негізінде жасалып, тек атаулары ғана өзгеріп отырған.



Құсқанаты

«Құсқанаты» – мүйіз оюы немесе шахмат шаршылары бейнеленген құстың қанаты тәріздес ою-өрнек. Бұйымдарда көп қолданылатын ою қанатын жайып ұшып келе жатқан құсты тұспалдайды. Қазіргі кезде «құсқанаты» ою-өрнегін басқа өрнектермен аралас қолдана береді.

Түйетабан

«Түйетабан» – түйенің басқан ізін долбарлайтын күрделі ою-өрнек. Ол кейде «карта», «қарға», «қызылайыр» өрнектеріне ұқсайды. Қатар тұрған S тәрізді екі сызық қатарласып қосылмайды, түйенің табанына ұқсас екі жарты сопақша дөңгеленіп келеді. Түйетабан деп аталатын көп гүлді, үлпек басты тікені бар өсімдік, ол да түйенің табанына ұқсас – екі жарты, оны кей жерлерде «табақ» өрнегі деп атайды.

Шынығүл

«Шынығүл» – ою-өрнегі гүлді тұспалдап тұрады. Бұл өрнек «төртайшық», «итемшек» оюларына ұқсас келеді. Ол айға, мүйізге, жапыраққа ұқсас элементтерден құрылған. Екі мүйіздің қайырылған екі ұшына жапырақ қондырылған, сол жапырақтар бірнеше рет сатыланып, қайталанып отырады.

Төртқұлақ

«Төртқұлақ» – ою-өрнегінің төрт тармағы зооморфы немесе өсімдік оюларынан құралған, ортасы крест бейнесін жасайды. Ортасына крест төрт тармағына мүйіз элементі қондырылған, бұл өрнек ең көне оюларға жатады. Алғашқыда «төртқұлақ» ою-өрнегі Пазырық қорғанынан табылған. Төрт тармақтан дөңгелек, төрт бұрыш, төрт жапырақ құрайтын ою-өрнектер жасалады. Бұл оюлар кебежеге, жүкаяққа, аяққапқа, батырлар шапырының жауырынына, қалқанға, шалбардың тізе тұсына, дөденің ортасына немесе шет бұрыштарына салынады.



Үшжапырақ

«Үшжапырақ» немесе «үшқұлақ» – ою-өрнектері барлық қол өнерге тән үш мүйізді, үш жапырақты, үш тармақты болып бейнеленеді. X–XI ғасырларда Тараз қаласындағы моншаның қабырғалары үш жапырақты ою-өрнекпен бейнеленген.

Зергерлік бұйымдарда кездесетін ою-өрнектер

Қазақтың ою-өрнектерін зергерлік бұйымдар жасаған шеберлер кең түрде қолданған. Олар алтын, күміспен, алуан түрлі асыл тастармен безеп ер, жүген, үзеңгі, таралғы, құйысқан сияқты ер-тұрмандарын және сақина, білезік, алқа, шолпы, кемер белбеу, түйреуіш, сәнді сәукеле жасады.

Сәндік бұйымдар ойылып, шекетулермен әрленіп отырған. Зергерлер ою-өрнекті өрнектеу, бедерлеу, торлау, оюлау, өрнектеу, құймалау, сызу, жону, өру, нүктелеу арқылы жасаған. Зергерлер күміс бұйымды асыл тастардан, лағыл, сапфир, зүбіржат, гауһар, ақық, агат, інжу, маржан, жақұттан көз қондыру арқылы өрнектеп жасаған. Көз қондырылған зат көз тиюден сақтайды деп ұғынған.

Текемет басуда, кілем тоқуда, кесте тігуде кездесетін ою-өрнектер

Ою-өрнек салудың тағы бір түрі киіз басуда киізден жасалған заттарда өте кең қолданылады. Әлі басылып болмаған дымқыл шикі киізге бір түсті (көбіне ақ киізге қызыл түсті) жүннен алуан түрлі оюлар түсіріледі. Бұл киіз текемет деп аталады.

Қазақ халқының ерте заманнан тұрмыста үнемі қолданып, дамып келе жатқан қол өнерінің аса бір күрделі әсем және құнарлы түрінің – бірі кесте тігу. Кестенің алуан үлгілерін, жобаларын ою-өрнектің күрделі үлгілерін қазақтың қыз-келіншектері қолдан жасап тұрмысқа енгізді. Ою-өрнекпен

нақышталған кестелер алуан атқа ие. Кестелер көбіне барқыт, қыжым қалың маталарға, орамал, сүлгіге, дастарханға, тұскиізге, жүкжапқышқа, белдемшеге, сәукеле жиектеріне, бас киімдеріне түседі. Әсем кестелер әйел көйлектерінің жаға-жеңдеріне, өңіріне, омырауына, кимешек жағаға, шымылдық, жастыққап, тақия, сәукелелерге, ер адамдардың жеңіл қаптал шапанының жағалығының өң бойына, жең аузына жіңішке ғана оюмен кесте салынады. Орамалды ою-өрнекпен кестелеп, моншақтап арнаулы жасап сыйлау – махаббатын оюмен өрнектеп білдіру жастар арасында кең тараған.

Ерте заманнан мал баққан халқымыз жүнді бояу арқылы түрлі өрнек жасап, шым ши орап тоқыған. Мұны жасау ерекше шеберлік пен іскерлікті қажет етеді. Кілем, алаша сияқты заттарды өрмекпен тоқу арқылы сан-салалы күрделі ою-өрнектер түсіріледі. Бұл заттар өте сәнді, берік, әрі өте сапалы болып шығады. Ұзақ уақыттар пайдалануға келеді.

Киіз үй жабдықтарындағы ою-өрнектер

Киіз үйдің керегесі мен түндігінен басқа бөлшектеріне: сықырлауық ашпалы есікке, есік сыртындағы киіз жаппаға, туырлықтың жиегіне, шаңырақтың жағалай жиегі мен шабақтарына, уықтың төменгі жалпақ иініне, бақанға, адалбақанға, желбауға, басқұрға, дөдегеге, кереге сыртынан ұсталатын шиге, жалпақ құрларға, жалпақ туырлықтың түндігінің бауларына тоқылып оюлар салынады, шашақтар байланады.

Киіз үй ішіндегі жиһаздар: кілем, текемет, сырмақ, алаша, тұскиіз, жүкжапқыш, шымылдық, орамал, сүлгі, дастархан, кірсалғыш, кесе қап, шабадан, кебеже қап, қоржын, торсық, саба, күбі, асадал, кебеже, сандық, қолсандық, жүкаяқ, ағаш төсек, ағаш аяқ, ожау, ағаш қасық, табақ, астау, тегене, самаурын, шәйнек, кесе, сапар кесеге оюлар түседі. Ер-тұрман: қамшы, жүген, ер, ноқта, тұсамыс, кісе, шыбыртқыға, масақаққыш сабына, домбыра, қобыз, сырнайға, басқа да үй жиһаз мүліктеріне шебердің талғамына қарай әр түрлі ою-өрнектер салынып келеді.

Ою-өрнек жақсы сапалы жасау үшін алдымен пайдаланатын материалды дұрыс таңдай білу қажет, оның ою ырғағымен мөлшерін яғни оюдың заттың бетіне түсуі мен орналасуын нақты жобалау қажет. Оймастан бұрын тақырып таңдай білу керек. Оюдың жақсы шығуы оюшының ой ұшқырлығына шеберлігімен оюды ретін келтіріп үйлестіре білуінде. Ою-өрнектің қандай түрі болса да ол – адам ойының жемісі. Ою-өрнек бір-бірімен қабысып, жымдасып, ескен арқандай бірігіп тұруы керек. Ара жігі бадырайып үйлеспей олпы-солпы болса, онда ою өзінің сәнін, сұлулығын, үйлесімін тіпті мазмұнын жоғалтуы мүмкін.



ALTYN
ТОО Элит Инвест

Ұлттық киімдегі ою-өрнектер

Ұлттық киім әрқашанда тарихшылардың, этнографтардың, өнертанушылардың назарында болды. Суретшілер, әдебиетшілер, театр және кино қайраткерлері, сәнгерлер дәуірлер бойы сақталған ұлттық киімдер арқылы өздері жасаған бейнелерін қорландырып отырды. Еуразия даласын қоныс еткен көшпелі қазақтардың басқа халықтарға ұқсамайтын киім үлгілері табиғи ерекшеліктер мен көшпелі тіршілікке сәйкес қалыптасқан. Ұлттық киімнің барша сымбатында, ою-өрнегінде, әрбір әшекейінде халқымыздың тарихының, ой-дүниесінің қайталанбас көрінісі жатыр. Ол – біздің ұлттық мәдениетіміз.

Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен атаулары көп: бөрік, сәукеле, тақия, шаршы бөрік, шоқты бөрік, сәлде бөрік, айыр қалпақ, жаулық, белбеу, күміс белдік, бүрмелі көйлек, кимешек, орамал, шаршы, шалбар, бұлғын ішік, бөкебай, жамылғы, жанат ішік, жеңсіз бешпент, кәзекей, камзол, кестелі көйлек, қос етек, тон, шапан, қара тон, күпі, шекпен, шидем тағы басқа түрлері. Қазақтың ұлттық киімдері өзінің сипатымен, сәнімен сан ғасырлық тарихымен, сақталған ою-өрнек әуендерімен бүкіл жер бетіне танымды. Осындай киім киген кісілерге қарап-ақ қазақ халқының қандай халық болғанын айтқызбай немесе өзін білуге болады. Оған мысал ата-бабаларымыздың жауынгер, жаугер, батыр, жаужүрек халық болғанын, сол кездегі қазақ қолдарының киімдері түсіндіреді. Киімдердің етек – жеңіне рәміздік ұғымды тұспалдайтын ою-өрнек элементтерін салу, үкі тағу, жын-перілерден, пәле-жаладан, ауру-сырқаудан қорғайды, магиялық күш әсер етеді деген сенімнен туған. Кейіннен үкіні қасақасын ерлер, балақ жүнінің ұлпасын әйелдер қолданған.

Киімді әшекейлеу, жағасына, өңіріне, етек-жеңіне кесте тігіп, оқа бастыру, зерлі жиектер жүргізу, киімді безендіруге қымбат металдар мен асыл тастардан түзілген әткеншектерді пайдаланған. Оның үстіне оларды қазіргі киімге де пайдалануға болатындығына күмән келтіруге болмайды. Тағы бір айта кететін нәрсе, қазақ халқы ұлттық киімді әшекейлеуге барынша ықылас аударған. Әр өрнекке өзіне лайық затын таңдаған. Мәселен, бас киімде кездесетін ою-өрнектер сырт киімде немесе бұт киімдерде қолданылмаған. Мұның өзіндік себептері де бар. «Ит құйрық» аталатын өрнек ешқашан бас киімдерге қолданылмаған. Мұның астарында «дұшпаның кеудеңнен жоғары өрлемесін» деген ырым жатыр. Бұл өрнек «дұшпаның төмен болсын» деген ниетпен көбінесе ер адамдар шалбарының жырық балағына салған.

Ою-өрнектің киімде әшекейленуі сәнді, беретін тәрбиесі де мол. Дәлірек айтқанда ою-өрнек – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылылығы, шабыт береді, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке, дәлдікке баулиды, тәрбиелейді.

DIGITAL NOMAD

BNEWS KZ

«Ою хан мен Жою хан»
(ертегі)

Ертеде бір елдің әділ ханы болыпты. Оның жарлығы бойынша қол астындағы елдің ою-өрнек, кесте, тоқыма, тігін сынды өнерлерді меңгергені сонша, барлық пайдаланатын тұрмыс заттары ою-өрнекпен көмкерілген екен. Ал, бұл ел-жұрттың өзі бір-бірімен ою тілінде сөйлесе алған. Сол себепті бұл елдің басқарушысы Ою хан атанып кеткен. Бір жылдары бөтен елдің ханы жаулап алып, Ою ханды зынданға тастапты. Ою ханның орнына хан болып, бұрынғы салт-дәстүрді, ою-өрнекті жойып, жаңаша құрмақ болады. Жаңа дегендерінің бәрі тез ұмыт бола береді. Оған жөн айтқан адамдардың көзін жоя берген. Сондықтан оны халық Жою хан деп атапты.

Бұл кезде Ою хан зынданда жағдайдың бәрін естіп-біліп жатыпты. Бір күні Жою ханның жалғыз ұлы аңға шығады. Жолдағы аңның бәрін түгел қырып, ойына келгенін істеп келе жатырғанда бір үкі мұның бетіне шапшып, екі көзін ойып жібереді. Еш нәрсе көре алмай тентіреп келе жатып, жардан құлап көлге батып өледі. Жою хан баласына іздеу салады.

– Кімде-кім баламның өлімін естіртер болса, соның басын аламын, - деп жарлық береді. Мұны естіген Ою хан баланы іздеуге баратынын хабарлайды. Жою хан оны зынданнан шығарып, жолға салады. Ол дәрі-дәрмегін алып орманды аралап келе жатса бір тастың астынан:

– Жойылсын, Жою хан! – деп қиналған дауысты естиді. Тасты көтеріп қараса, жамбасына оқ тиіп, күйреген сұр тышқанды көреді. Оның аяғын таңып, дәрі құйып жөніне жібереді. Осылайша кездескен аң-құстың барлығын емдейді. Ең соңында қанаты сынған үкіні емдеп, «Жою ханның баласын көрдің бе?» деп сұрайды.

– Қатыгез хан баласы жолында кездескен сұр тышқанды, арқарды, бұғыны, жолбарысты жаралап, балықты құрлыққа тастап, қайтып айналып келіп, сойып алмақ болғанда, мен оның екі көзін шығардым. Өйткені бұл аңдардың барлығы Ою хан еккен орманның ең соңғы аңдары еді. Хан баласы қазір көл түбінде өліп жатыр.

Мұның бәрін естіген Ою хан үйіне келіп, ойланып, оқиғаның желісін сырмақтың бетіне ою түрінде түсіріп, Жою ханға алып келеді. Жою хан сырмақтың оюына қарап отырып, оқиғаны былайша тарқатады:

1.Балам, биік-биік тауларды асып,	2.Терең-терең сулардан өтіп,
	

3.Қалың жыныс орманды аралап,	4.Күндіз де, түнде де талмай жүрген екен. 
5.Жүрген жолдарда ол ұшқан құстармен беттесті,	6.Бұғымен кездесті, 
7.Тау тағысы арқар да жолығыпты, 	8.Жорғалаған тышқандар да қарсы келгенге ұқсайды. 
9.Сорлы балам жолбарыспен арпалысыпты,	10.Балыққа да ұшырасыпты...
11.Айдын көлге де түсіпті. 	12.Қайран ұлым, алып күштің иесі екендігіңді аңдарға көрсеткенше, ел ішіндегі дұшпаныңа неге көрсетпедің? Тірімісің, өлімісің? 

– Тоқта, мына ою не деп тұр? Балаң екіге бөлінді, жаны рухта, тәні аруаққа айналды деп тұр ма?

– О, жалған! Менің ұлым шынымен өлгені ме? Өлтірем!!! - деп қылышын суырып Ою ханға төнеді. Ою хан саспастан Жою ханның өз жарлығын есіне салады. Ханның екі айтқаны өлгені деп, жарлық бойынша өз басын алады. Ою ханды ел-жұрты қайта хан етіп көтереді.

Әр оюдың тілі бар деген сөз осыдан қалған.

Кітаптар:

1. Байділдин, Ш. Оюмен ой айтқан елміз [Мәтін] / Ш. Байділдин ; пікір жазғ. : Қ. Салғараұлы, С. Ә. Ұзақов. – Алматы : [ЖК «Тарпанбаева А.Ш.»], 2019. – 246, [2] б.: сүретті.
2. Зергерлік өнер әлемі=Мир ювелирного искусства=The world of jewelry [Мәтін] Т. 2 / құраст.: Т. Қожағұлов, Л. Әденова, Б. Атамқұлов. – Алматы : ҚазАқпарат, 2017. – 245, [1] б.
3. Қазақ салт-дәстүрлері [Мәтін] / құраст. Ә. Тауұлы. – Алматы : Балауса, 2017. – 382 б.
4. Өмірбекова, М. Көшпенділер мәдениеті. Қазақ халқының дәстүрлі өнерінің мәдени рәміздік негіздері [Мәтін] : салт-дәстүр және әдет-ғұрып, этнографиялық киімдер, қолөнер, зергелік бұйымдар, ою-өрнек, көне маталар, табиғи бояулар / М. Өмірбекова ; рец.: Ғабитов Т. Х., Самашев З. С., Нұрышева Г. Ж. – Алматы : Дәуір, 2015. – 290, [2] б.
5. Өрнек жолы=Путь орнамента=Ornaments way [Мәтін] : қазақтың ұлттық өрнектері негізінде / құраст. : Г. А. Капекова, К. Р. Несіпбаева, М. К. Гильманов. – Алматы : Асыл Сөз, 2015. – 239, [1] б. : суретті.
6. Төленбаев С., Өмірбекова М. Қазақтың ою-өрнектері [Мәтін] / С. Төленбаев, М. Өмірбекова ; орыс тілі мен ағылшын тіліне ауд. Жәмекова Ү. – Қазақстан «Қағанат» ЛТД, 1993. – 56 бет.
7. Төленбаев С., Өмірбекова М. Ою-өрнектің жасалу жолдары [Мәтін] / С. Төленбаев, М. Өмірбекова ; орыс тіліне аударған Жәмекова Ү. – Алматы : «Қағанат» ЛТД, 1993. – 48 бет.
8. Шоқпарұлы Д. Қазақтың қолөнері [Мәтін] / Д. Шоқпарұлы ; Альбом – Алматы : Өнер, 2005. – 176 бет.

Мақалалар:

1. Айбекқызы, Айдана. Өнерін кәсіпке айналдырған [Мәтін] : Халықтық сәндік-қолданбалы өнер – әлемдік көркем мәдениеттің негізі [қолөнер шебері Самал Сайлаубай] / Айдана Айбекқызы ; суретті түсірген автор // Әулиекөл. – 2020. – 23 шілде. – Б. 8.
2. Айқадамова, Айтолқын. Көрпенің түр-түрін тігеді [Мәтін] : [Алтынсарин ауд. тұрғыны, қолөнер шебері Гүлнұр жайында : суреттер бар] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2013. – 9 ақпан. – Б. 9.
3. Айқадамова, Айтолқын. Қамшы өріп, торсық тіккен [Мәтін] : [Торғай өлкесінің тумасы Айдын Диханбаев] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – («Жастар. KZ» қосымшасы). – 2014. – 21 ақпан. – Б. 7.
4. Аңқауов, Арлан. Өнер – таусылмас азық [Мәтін] / Арлан Аңқауов // Қостанай таңы. – 2019. – 24 сәуір. – Б. 10.
5. Ахметбеков, Байбатыр. Әр тиыны – әшекей [Мәтін] : [зергер Елубай Арықбиұлы туралы] / Байбатыр Ахметбеков // Қостанай таңы. – 2018. – 6 сәуір. – Б. 12.
6. Ахметов, Жаңабай. Шебердің қолы ортақ [Мәтін] : [Октябрь ауылының тұрғыны Жаңагүл Қапиятова туралы : суреті бар] / Жаңабай Ахметов // Қостанай таңы. – 2014. – 2 сәуір. – Б. 12.

7. Ғалымбекұлы, Ғанибет. Ұлттық өнерді ұлықтаған [Мәтін] : [қолөнер шебері Анар Дәулетова] / Ғанибет Ғалымбекұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 17 қыркүйек. – Б. 12.
8. Дәуітбай, Гүлайым. Құрақ көрпе – құндылық [Мәтін] / Гүлайым Дәуітбай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 15 қаңтар. – Б. 10.
9. Досжанова, Қымбат. Зердің жайын зергер білер [Мәтін] : [Сәрсенбай Әбсалықов туралы] / Қымбат Досжанова ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2014. – 1 қазан. – Б. 12.
10. Жұмабаева, Әсем. Қолөнер – ұлт мұрасы [Мәтін] : [мұражай көрмесі] / Әсем Жұмабаева // Қостанай таңы. – 2015. – 4 желтоқсан. – Б. 24.
11. Жүзбай, Айбек. Мақсаты – ұлттық өнерді дамыту [Мәтін] / Айбек Жүзбай ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2013. – 18 қаңтар. – Б. 1.
12. Ихтиляпова, Бахытгүлім. Халық мұрасы [Мәтін] : [ұлттық құндылық] / Бахытгүлім Ихтиляпова // Қостанай таңы. – 2018. – 10 қаңтар. – Б. 12.
13. Күмісбек, Мұхтар. Ою-өрнек – ұлт ұстанымы [Мәтін] / Мұхтар Күмісбек // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 15 қыркүйек. – Б. 16.
14. Қожабекова, Аякөз. Ой мен ою [Мәтін] : [тігінші Аягөз Ғабдолқызы Әділбекова туралы] / Аякөз Қожабекова // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2021. – 26 қараша. – Б. 14.
15. Құрақ көрпе сыйға тартты [Мәтін] : [қолөнер шебері Райхан Рахалиева жайында] / бетті дайындаған Бақыт Тұраш // Костанай-АГРО. – 2021. – 25 наурыз. – Б. 16.
16. Маратқызы, Қ. Апамның қолы алтын [Мәтін] : [зергер Мәсура апай] / Қ. Маратқызы // Қостанай таңы. – («Қостанай ақшамы» танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 9 маусым. – Б. 11.
17. Молданиязова, Шынар. Қайыстан қамшы, өріп, жүген түйген [Мәтін] : [қолөнерші Мұрат Рамазанов туралы] / Шынар Молданиязова // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 12 мамыр. – Б. 8.
18. Смайлова, Гүлбаршын. Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі [Мәтін] : [тігінші Жұмакүл Талқанова туралы] / Гүлбаршын Смайлова ; суретті түсірген Айбек Таңатбаев // Қостанай таңы. – 2023. – 12 сәуір. – Б. 6.
19. Шайман, Серік. Шеберлігі зергерлікпен астасқан [Мәтін] : [оқытушы, қолөнер шебері, Гүлжан Түйебайқызы Нұржан туралы] / Серік Шайман ; бетті әзірлеген Әсел Қибаш // Қостанай таңы. – 2023. – 28 сәуір. – Б. 14.

Интернет-сілтемелері:

1. https://infourok.ru/blgenge_marzhan._azaty_oyu-rnekter.-157352.htm (кірген күні 24.05.2023)
2. https://e-history.kz/kz/news/show/32292 (кірген күні 24.05.2023)
3. https://informburo.kz/kaz/aza-oyuyny-syry-oyudy-alay-ou-kerek-.html (кірген күні 25.05.2023)

Мазмұны

Құрастырушыдан	3
Қазақ халқының жәдігері	4
Қазақ ою-өрнегінің ежелгі нұсқалары мен атаулары	5
Мүйіз тектес ою-өрнектер	6–8
Зергерлік бұйымдарда кездесетін ою-өрнектер	9–10
Текемет басуда, кілем тоқуда, кесте тігуде кездесетін ою-өрнектер	10–11
Киіз үй жабдықтарындағы ою-өрнектер	12–15
Ұлттық киімдегі ою-өрнектер	16–17
«Ою хан мен Жою хан» ертегі	18–19
Кітаптар	20
Мақалалар	20–21
Интернет-сілтемелері	21

Құрастырушы: Қожахметова Г. Ф.
Шығарылымға жауапты: Мукушова А. К.
Қазақ тіліндегі мәтіннің корректоры: Мукушова А. К.
Составитель: Кожахметова Г. Ф.
Ответственный за выпуск: Мукушова А. К.
Дизайн обложки: Юрченко Н. П.
Редактор: С. Ж. Серкебаева

Басуға қол қойған күні 07.06.2023 ж.
Пішімі 210*297 1/2. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі Times New Roman.
Көлемі 9,25 шартты баспа табақ
Таралымы 3 дана

Әулиекөл ауданы әкімдігінің мәдениет
және тілдерді дамыту бөлімінің «Әулиекөл
орталықтандырылған кітапханалық жүйесі»
мемлекеттік мекемесі
110400, Әулиекөл с. Сьянов, 53
Тел. 8(714) 53-26-1-86
E-mail: aulzbs@mail.ru
aulzbs@mail.kz